

A. A. АБДУЛЬМАНОВ (A. ӘБДІЛМАНОВ)

ТЕРМИНДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРИ

Термин арнаулы тілдің мағыналық негізі болып саналады да, негізгі ақпаратты береді. Қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілде пайда болған жаңа сөздердің тоқсан пайыздан астамы арнаулы сөздердің құрайды. Кейбір ғылым салаларындағы терминдердің саны тілдегі жалпыхалықтық сөздерден басым түсіп кейбіреулерінде терминдер саны арнаулы емес сөздерден де әлде қайда көп болып келеді. Жаңа пәндердің де қарқынды қобеюіне орай (орта есеппен әрбір 25 жылда олардың саны 2 еселеніп отыр) терминологияға деген сұраныс жылдан жылға артып отыр. Бұл жағдай терминдердің оқыстап тууына негіз болады. «Терминологиялық ағын» жағдайында мамандардың алдында барлық терминологиялық массивті реттеу мәселеісі өзекті болып тұр. Осындай себепті бірінші кезекте терминдерді нормалау сияқты маңызды бағыт ұсынылады.

Арнаулы тілдердің ішінде терминология же-текші роль атқарып, қалыптасу мен дамудың белгілі бір өзіндік ерекшелігін танытады. Соңдықтан терминді бағалаудың кейбір лингвистикалық шектеулері орын алған, дәлірек айтсақ, лингвистикалық норма қалыптасқан.

Лингвистикалық норма – бұл терминнің дұрыс қалыптасуы мен қолданысы. Терминнің қалыптасуы және терминнің қолданылуы (терминжасам және терминқолданыс) – бұл оқыстап туатын жәйт емес көрісінше, бұл лингвистер мен терминологиярдың қатаң бақылауында болатын саналы әрекет. Терминологиядағы норма жалпы әдеби тілдің нормасына қиғаш келмей отырып, өзіндік бір терминге қойылатын жеке талаптарды белгілеуі тиіс. Бұл сұраптың бұрыннан қалыптасқан дәстүрі бар, терминге деген нормативтік талаптар туралы алғаш рет көнеш дәүірінде орыс терминологиясы мектебінің негізін салушы Д. С. Лотте айтқан еді. Терминологиялық талаптар бұл терминнің жүйелілігі, терминнің контекстке байланысты болуы, терминнің қысқа әрі нұсқалығы, абсолютті түрде және қатысымды түрде бір мағыналығы, қарапайымдылығы мен түсініктілігі.

Бұл талаптардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып көрейік:

1. *Термин мағынасының бекітілгенігі* – бір белгіге, бір ғана түсінікке сәйкес болуы. Белгілі бір термин жүйесіндегі сол саланың нақты даму кезеңінде терминнің нақты бір ұғым беруі. Уақыт өте келе, даму шенберінің кеңеюіне орай сол бір терминнің мағынасы кеңейіп басқа мағынаға ие болуы да мүмкін. Өйткені сала білімінің молайып терендей түсіне байланысты термин де күрделене түседі.

Қарапайым сөз өзінің мағынасын даму барысында анықтай түсіу де, фразеологиялық мәтіндерде өзге сөздермен тіркескенде әртүрлі мағыналық түрлерге ие болуы да мүмкін. Ал термин үшін контексті құбылмалық болмайтын процесс. Терминге белгілі бір терміндік өрістің аясында, нақты терміндік жүйе шенберінде оның мағынасының тұрақты болуына логикалық талап койылады.

2. *Терминге қойылатын талаптардың бірі* – дәлдік. Дәлдік деп негізінен, мағынасының шектеулі әрі айқын болуын айтамыз. Мағынасының айқындылығы терминнің арнаулы мағынаға атая болуының салдарынан термин дефиницасының көмегімен сөздің нақты қолданылу шекарасының болуымен анықталады. Мағына беруде терминнің дәлдігі оның дефиницида да ұғымды толық берерлік белгілердің бар екендігін көрсетеді. Сонымен қоса термин бір ұғымды екінші ұғымнан ажыратып тұратын (тура немесе жанама түрде) белгілерге ие болу тиіс. Термин дәлдіктің әртүрлі денгейлеріне ие болады. Ең дәл болып келетіні белгілі бір мотивке құрылған терминдер. Олардың құрылымында ұғымның басты ерекшеліктері көрінеді. Мысалы, ыңдалған жарық, жартылай тізбек детекторының сезімтал беткейі, диффузия қабатының сыртқы болігінің тұмastaғы белгілі бір мотивке ие болған көптеген терминдердің мағынасы термин ұғымындағы термин-бөлшек мағынасынан шыға алмайды (мысалы, қарлыгаштың құйрығы, т.б.). Сол сияқты мұнда жалған мотивке құрылған терминдер де кіреді мысалы, атом немесе эпоним терминдер (кісі аттары) соңғыларының ең жаксы қасиеттері – ешқандай ассоциация туғызбайтындығында. Алайда бұны жағынан аспект ретінде бағалауға болады, өйткені көптеген жағдайда эпонимдер

ұғым туралы түсінік туғызбайды және өзге ұғымдармен байланысты көрсете алмайды. (*Федоровтың кератопротезі; Чебышевтің көпмүшелігі*). Сондықтан оларды игеру аса қын.

3. *Терминнің бір мағыналы болуына талап қою.* Термин көп мағыналы болмауы керек. Әсірепе бір ғана терминдік жүйенің шенберінде бір форманың белгілі бір әрекеттің және оның қорытындысын білдіруінде санатты көп мағыналық үлкен ыңғайсызық туғызады. Мысалы, *карст, кран, қабат* т.б.

Терминологияны реттей отырып, әр терминнің мағынасын бекіту арқылы терминнің бір мағыналығын қалыптастыра аламыз.

4. *Терминнің синонимі болмауы тиіс.* Терминологияда синонимнің жалпыхалық тіліне қарағанда өзгеше сипаты бар және басқаша қызмет білдіреді. Терминологияда синонимдер деп әдетте, дублеттілікті атайды (*офтальмолог – окулист, бремсберг – тусу, қосымша – аффекс, сингорманализм – үндестік* т.б.).

Дублеттердің арасында синонимдік қатар құрау кезінде байкалатын эмоционалды-экспрессивтік, стилистикалық немесе реңдік қарсы тұрулар болмайды. Олар өзара тең, әркайсысы тек қана мағынасына тұра қатысты болып келеді. Егер жалпыхалық тіліндегі синонимдерді қолдану кезінде сөйлемнің мағынасына әсер етсе немесе эмоционалдық-стилистикалық жағдайына ықпал етсе, дублеттер жалпы тілде де, ғылым тілінде де ұғым білдіруден өзге қасиеттерге ие болмайды. Дублеттілік терминологияның қалыптасу кезеңіне тән. Өйткені ең үздік терминнің табиғи таңдауы жүргізу әрекеті кейінде ұғымның бірнеше нұсқауы қолданылып, кейін біртіндеп кеміп отырады. Синоним деген түсінік терминологияда қазіргі таңға дейін жалпы бірдей түсінік ретінде қолданылмай келеді.

Толығырак қарастырсақ:

А) Дәлме-дәл мағынадағы синонимдер тілімізде кеңінен таралған (абсолютті немесе дублет, тіл білімі, тіл танымы – лингвистика). Бұндай жағдайың болуы термин жүйесінде қолданылу жағдайына байланысты жеке-жеке қарастырылады, көбінесе тілдегі байырғы термин сөз берін кірме терминнің параллельді қолданылып жүрген терминдердің бірі туынды сөз жасай алмаса, екіншісінің қолданысына жүгініледі. Мысалы, *қысым – компрессия* деген сөздер бір біріне дублет. Алайда *қысым* деген сөзден сын есім туғызу

мүмкін емес болған себепті *компрессиялық ауа* деген дублетті еркін пайдаланамыз.

Терминдердің стилистикалық синонимдері де ұшыраса да, бұлар негізінен жаргон сөздер мен кәсіби сөздердің ғылыми терминмен қатар қолданысы мысалы, *эпилепсия* – талма, қояншық сол сияқты жаңа термин мен көнерген терминнің болуы да осындай дублеттілікті туғызыу мүмкін. *Қарауыл – айдауыл* (әскер), *сафаз – жауынгер*. Бұл синонимдік қатар әртүрлі жанрдағы шығармаларда қолданыс табуы мүмкін. Мысалы, көркем шығармада т.с.с.

Ә) Мағыналары біртіндеп сәйкес келетін синонимдер мағыналары жуықтап келетін синонимдер қатары молшылық: *нұсқау – нұсқаулық, түсініктеме – түсінік – түсінікхат; тәлімгер – бапкер* (*нұсқау – түсінідіру – басқару – жетекшілік ету – тәлім беру*). Бұндай синонимдерді қолдану мамандардың өзара дұрыс түсініспеуіне алып келуі мүмкін, сондықтан терминологияны реттеу кезінде олардың қатарын қыскарту маңызды.

Б) Терминнің фонетикалық, графикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік және де басқа нұсқауларының болуы оларды қолдану кезінде киындық туғызады. *Дискета – дискета* (информатикада), *ұңғы – ұңғыма* (құрылышта, геологияда, мұнай-газ саласында), *нөл – ноль, арқа – арқалық* (құрылышта). Ал бұл өз кезінде мамандардың акпарат алмасуын киыннатады да сәл ғана мағыналық әрекшелік накты әрекеттерде түсінбестік туғызады. Мысалы, *баспа – баспаңдақ*.

5. *Термин жүйелі болуы тиіс.* Терминологияның жүйелілігі ұғымдардың класификациялаудың негізделген. Осыдан келіп терминге тән болатын айтарлықтай қажетті белгілері анықталады. Терминқұраушы бөлшектері қалыптасады. Терминнің жүйелілігімен оның мотивтілігі семантикалық айқындылығы тығыз байланыста. Ал бұл термин танытып тұрған түсінікті қалыптастыру үшін аса маңызды болып саналады. Жүйелік терминнің терминдік жүйедегі орнын анықтап оның өзге түсінктермен байланысын көрсетіп тұрады да белгілі бір логикалық түсінік санатына жатқызады. Айталық, Д. С. Лоттенің мысалы бойынша: *электр лампа* (шам) және оның түрлері – *диод, триод, тетрод* – барлығына біріктіріп тұрға бір белгі – лампадағы электродтардың саны : екі, үш, төрт, бес.

Жүйелік термин бөлшектердің біртекті болғанын талап етеді. Мысалы, бір қосымшаның

булын қажет етуі мүмкін. Майлы көмірсұтектердің атауы болып жүрген *метан*, *этан*, *пропан* деген терминдерде **-ан** жүрнағы қолданылған. Міне, осылай бір классификациялық деңгейде тұрған терминнің қалыптасуына негіз болатын белгілер бірдей болуы тиіс. Алайда терминологияда бұл ұстанымнан ауыткулар да ұшырасып отырады. Мысалы, *паровоз* және *тепловоз* терминдерінің классификациялану орны анық емес. Егер көрнекті болуы үшін Әртүрлі классификациялық байланысы жоқ қасиетін пайдалансақ оның жүйелілігі бұзылады. Мысалы, *жанасын дәнекерлеу* (дәнекерлеу жұмысы жүргізілетін негізгі белгісі), *роликтік дәнекерлеу* (Бұл машинаның бір бөлшегі – ролик) және *нуктелі дәнекерлеу* (негізгі белгі ретінде әрекет алынған). Шын мәнінде байланыс болса да, байланыс көрінбейді. Классификациялық қатарға түсінік қаншалықты төуелді болса, термин соншалықты жүйелік қасиеттерге ие болады. Мысалы, металл түрлерінің кең танымал болмай тұрған кезінде бірнеше жүйесіз атауын байқаймыз: *темір*, *күміс*, *мыс*. Фасырлар бойы қалыптасқан бұл атауларды өзгерту орынсыз, алайда бұл терминдердің арасындағы логикалық байланыс қалыптастырылған. Қазіргі таңда анықтаған металл түрлерінің атауларында лингвистикалық жүйелік негізгі алынған: *нептуний*, *плутоний*, *тирий*, *берилий* т.б. Сондықтан да бұл терминдік ұғымға тән белгіден өзге белгілер терминнің жүйелілігін бұзып тұруы мүмкін.

Терминдер арасындағы логикалық байланыс турасында терминнің тұра мағынасымен талдауға алуға болмайды, терминдер арасындағы байланысты тек қана анықтама негізінде жасауға болады.

6. Терминнің қысқа болуы. Термин қысқа әрі нұсқа болуы тиіс. Бұл жерде терминнің термин жүйесінде дәл немесе нақты болған талпынысы мен қысқалығын бір-біріне қарама-қарсы қоюға болады. Қазіргі таңда терминдерге шұбыртпалылық тән. Бұл түсінікті толығырақ ашып, белгілерін көбірек беру ниетінен туса керек.

Терминдік сөз тіркестің құрылышы жағынан күрделенуі байқалады. Күрделі тіркестерден тұратын суреттеу терминдерінің қатары өсуде. Терминдік сөз тіркестерінің көбеюі арнаулы салының түсініктерін мейлінше нақты сипаттауға тырысадан туып отыр деп білеміз. Бұл терминнің семантикалық мотивтілігін артырады. Мағына-

сы нақтыланған термин бір мағыналы болады да, мәтіннен тыс жағдайда да түсінікті болады. Бірак бұндай терминдер мәтінде шұбалынқылық туғызады. Мысалы, *газ бен мұнай байланысы* немесе *мұнайлы алқап жиегі* т.б.

Сондықтан іс жүзінде осындай ыңғайсыз шұбыртпалы атаудың орнына, қысқаша балама іздеу орын алып жүр. Бұл тілдік амалдарды үнемдеу зандағына сәйкес.

Қысқаша нұсқа – бұл терминнің қысқарған, әйтсе де қолданбалы мағынасында тен дәрежедегі екінші терминделген ұғымның балама нұсқасы. Олар негізгі терминнің семантикалық және құрылымдық бөлігінен туып отырады. Сондықтан қысқарған нұсқа еркін бола алмайды. Қысқа нұсқасын туғызуын үлгі аларлық орыс тілінде көп тараған үш түрі бар:

1. Лексикалық қыскарту. Бұл сөз тастау немесе сөз тіркесін бір сөзben алмастыру арқылы жасалады. Мысалы, *электрвакуумді стабилитрон – стабилитрон*, *магнитті вариометр – вариометр* немесе *эмиттерлік аймақ – эмиттер*.

2. Сөзжасам амалдарымен қыскарту. Әртүрлі аббревиациялар: *электронды-сәулеңік аспап – ЭСА*, *мәліметтер тарататын сандық аппаратура – сандық МТА*, *микрофон және телефон құрылғысы – МТҚ*. Сөз тіркесін қыскарту косымша арқылы және сөздін бірігу арқылы да жасалады. Мысалы, *су қабылдайтын құрылғы – су қабылдагыш, сіңіру бағаны, сіңіргіш; пішіндеу цехы – пішіндееме* (көйма).

3. Шартты белгілермен қыскарту (тек қана терминологияға тән белгі) *тетік аймагы – Р-аймагы*, *электрлі-электронды ауысу – ПП⁺-ауысу, сәуле-L* т. б.

Соңғы жылдардағы еңбектерде көрсетілетін прагматикалық талаптарының ішінде терминнің қолданылу ерекшелігіне орай туып отырған мынадай бағыттарды байқаймыз: терминнің қолданбалығы, заманилығы, ұлтаралылығы, әуенділігі (кулаққа жағымдылығы).

Терминнің қолданбалығы оның қолданыста ынғайлығымен сипатталады. Терминнің бұл ерекшелігі жетекші роль атқарады. Өйткені тұракты қолданыска еніп кеткен терминді алмастыру киын. Мысалы, *несие* термині ұғым ретінде бұл пайыздық пайда табу мақсатында берілген қарыз, ал бұл атау сөздің о бастағы араб тіліндегі мағынасы ешбір өтемсіз берілген қарыз еді. Сол сияқты *темірбетон* термині негізінде бетон

құрамдарын жасауда болат қолданылады. Соған қарамастан о баста темір сөзі бетон сөзімен бірігіп белгілі бір құрылыс материалының атауы ретінде кең қолданысқа еніп кетті.

Жаңа экономикалық өрісте өндіріссіз елімізді дамыту мүмкін емес болса, термин сөздерсіз, түптеп келгенде сала тілінсіз тілімізді байыта тұсу мүмкін емес. Ал терминдердің бірізді ел иғілігіне қызмет етуі үшін оларға белгілі бір қатаң талаптарды айқын белгілеуіміз маңызыды.

ӘДЕБИЕТ

1. *Карпинская Е. В.* Культура русской речи. § 25–27. М., 2003.
2. *Лотте Д. С.* Основы построения научно-технической терминологии. М., 1961.
3. *Лотте Д. С.* Образование и правописание трехэлементных научно-технических терминов. М., 1969.
4. *Лотте Д. С.* Краткие формы научно-технических терминов. М., 1971.

Резюме

Посвящена проблеме выявления лингвистических критериев терминов.